

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарға
жүргізілген пікіртерім нәтижесі

2026 жылғы II тоқсан




Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

- I. Мониторингке қатысушылар құрамының динамикасы (3-бет)
- II. Дайын өнімге сұраныс динамикасы (4-бет)
- III. Нақты секторда бағаның өзгеруі (5-бет)
- IV. Өндіріс көлемі (6-бет)
- V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)
- VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)
- VII. Инвестициялық белсенділік (9-бет)
- VIII. Айналым қаражатын қаржыландыру көздері (10-бет)
- IX. Бизнес жүргізудегі кедергілер (11-бет)
- X. Қаржы-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (12-бет)
- XI. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалау (13 - 14-бет)
- XII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына әсері (15 - 17-бет)
- XIII. Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметі (18-бет)
- XIV. Валюта бағамы өзгеруінің әсері (19-бет)
- XV. Композиттік озыңқы индикатор (20-бет)
- XVI. Әдіснамалық түсіндірме (21-бет)


МОНИТОРИНГКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2026 жылғы 2-тоқсанда іріктеменің өңірлік құрамы




2026 жылғы 2-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда респонденттер саны 15 кәсіпорынға ұлғайып, 3507 болды.

Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы




Іріктеменің салалық құрылымы



ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ДИНАМИКАСЫ

Дайын өнімге сұраныс, ДИ

	2023				2024				2025				2026		
Кәсіпорындардың жауабы %	1-т.	2-т.	3-т.	4-т.	1-т.	2-т.	3-т.	4-т.	1-т.	2-т.	3-т.	4-т.	1-т.	2-т.	3-т.*
Ұлғаюы	17,0	22,5	21,6	20,2	14,1	21,1	21,6	21,4	16,0	21,8	20,6	20,0	13,2	20,9	16,5
Шамамен өзгеріссіз	54,5	55,7	57,3	56,4	58,8	58,9	59,5	56,5	56,7	56,5	58,4	57,4	56,7	55,8	45,4
Төмендеуі	23,9	17,5	17,0	19,2	22,7	15,9	15,2	17,7	22,6	16,7	15,6	16,9	23,5	17,0	8,2
Білмеймін	4,6	4,3	4,1	4,2	4,3	4,2	3,8	4,4	4,8	5,0	5,4	5,7	6,7	6,3	30,0
Диффузиялық индекс = 1-жол+0,5*(2-жол+4-жол)	46,5	52,5	52,3	50,5	45,7	52,6	53,2	51,8	46,7	52,5	52,5	51,6	44,9	52,0	54,1
ДИ, маусымдық өзгерістерді қоспағанда	51,9	50,8	49,9	49,6	50,7	50,9	50,8	51,0	51,6	50,8	50,3	51,0	49,6	50,3	51,9




2026 жылғы 2-тоқсанда дайын өнімге сұраныс оң аймаққа өтті. Диффузиялық индекс (бұдан әрі – ДИ) 50,3 болды. Көрсеткіштің жақсаруы өнеркәсіпте (ДИ – 54,6) және көрсетілетін қызметтер секторында (ДИ – 51,3) байқалды.


Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2026 жылғы 3-тоқсанда сұраныстың өсуі жеделдеді және экономика бойынша 51,9 болды, бұл ретте өнеркәсіп пен қызмет көрсетуде тиісінше 54,2 және 50,5 дейін бәсеңдейді.

НАҚТЫ СЕКТОРДА БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУІ


Дайын өнімнің бағасы, ДИ



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ



Баға белгілеу факторларының маңыздылығын бағалау, жауаптар %-бен




- Шикізат пен материалдар бағасы
- Сұраныс
- Жұмыс күшіне шығындар
- Салықтар/алымдар
- Айырбастау бағамы
- Өнімділік
- Жанармай бағасы
- Бәсекелестердің бағасы
- Басқа факторлар

2026 жылғы 2-тоқсанда жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың дайын өнімі және шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны жеделдеді (тиісінше ДИ 58,4 және 71,2). Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімге бағаны белгілеу кезінде шикізат пен материалдарға арналған шығын мен сұраныс (77,5% және 75,2% үшін), сондай-ақ салықтар мен алымдар (67,9%), жұмыс күшіне арналған шығын (65,5%), отын бағасы (56,5%), айырбастау бағамы (55,2%) және бәсекелестердің бағасы (55,2%) неғұрлым маңызды фактор болып табылады.


2026 жылғы 3-тоқсанда* кәсіпорындар шикізат пен материалдар (ДИ = 65,7) және дайын өнім бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуін ДИ = 55,9 дейін күтуде.

Өндірістік қуат жүктемесі

(кәсіпорындар үлесі %)



Өндіріс көлеміндегі өзгерістің ДИ, ДИ**



2026 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың өндірістік қуатының жүктемесі (ӨҚЖ) 2026 жылғы 1-тоқсандағы деңгейден аздап төмен қалыптасты. ӨҚЖ орташа алынған* деңгейі 51,1%.

2026 жылғы 2-тоқсанда дайын өнімді (жұмыс, қызмет) өндіру көлемі өсті. ДИ 50,2 болды.

2026 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар өндіріс көлемі өседі деп күтеді. Күтулер бойынша ДИ 51,7 болды.


*Орташа арифметикалық мөлшерлеу – бұл кәсіпорындар үлесі бойынша мөлшерленген аралықтың орташа мәні.

** ДИ 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (күлдірау) қарқыны сонша жоғары (төмен), ДИ=50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.


***Диаграммада берілген ӨҚЖ және «ДИ өндіріс көлемінің өзгеруі» маусымдық факторды қоспай ұсынылды.

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР


Активтер құрылымы



Қысқа мерзімді активтер құрылымы



Активтер айналымдылығының көрсеткіші



2026 жылғы 2-тоқсанда экономиканың нақты секторындағы компаниялар активтерінің құрылымында қысқа мерзімді активтердің үлесі 39,6%-ға дейін ұлғайды, ал ұзақ мерзімді активтердің үлесі 60,4%-ға дейін азайды (2026 жылғы 1-тоқсанда – тиісінше 37,7% және 63,3%). Активтердің айналымдылығы* 20,6%-ға, айналым қаражатының айналымдылығы** 39,5%-ға дейін артты.


Қысқа мерзімді активтердің құрылымында өткен тоқсанда дебиторлық берешектің үлесі ұлғайып, 36,9% болды, (2026 жылғы 1-тоқсанда – 35,2%), ал қорлардың үлесі 19,9% деңгейіне дейін сәл төмендеді (2026 жылғы 1-тоқсанда 21,9%).

Активтер айналымдылығы= Өнімді сатудан кіріс/ Активтер*100


** Айналым қаражатының айналымдылығы= Өнімді сатудан кіріс/ қысқамерзімді активтер*100

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР


Пассивтер құрылымы




Ұзақ мерзімді міндеттемелер құрылымы



Қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымы



Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі




2026 жылғы 2-тоқсанда пассивтер құрылымында қысқа мерзімді міндеттемелер үлесі 29,8%-ға дейін және ұзақ мерзімді міндеттемелер үлесінің 24,9%-ға дейін ұлғаюы байқалады, бұл ретте меншікті капитал 45,3%-ға дейін төмендеді. Қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2026 жылғы 1-тоқсандағы 48,7%-дан 2026 жылғы 2-тоқсанда 45,2%-ға дейін төмендеді.

Балансында мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі шамалы ұлғайды: кредиторлық берешек – 20,4%-ға дейін, банктердің қарыздары бойынша берешек – 4,1%-ға дейін біршама ұлғайды. Балансында мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 2026 жылғы 1-тоқсандағы 24,6%-дан 2026 жылғы 2-тоқсанда 24,4%-ға дейін төмендеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Негізгі қаражатты қаржыландыру көздері




Кәсіпорындардың көбі негізгі және айналым қаражатын қаржыландыру үшін меншікті қаражатын (тиісінше 69,5% және 87,1%) пайдаланады.

Бұл ретте негізгі қаражат пен айналым қаражатын банктердің қарыздары есебінен қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 8,5% және 20,1% болды.


Негізгі және айналым қаражатын қаржыландыруды жүзеге асырмаған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 37,1% және 19,6%-ды құрады.

Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ


Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



Айналым қаражатын қаржыландыру үшін кәсіпорындардың көпшілігі (87,1%) өз қаражатын пайдаланды, оның 48,2%-ы пайданы және 38,9%-ы акционерлердің/қатысушылардың меншікті қаражатын құрады. Осы мақсаттағы қарыздарды кәсіпорындардың 20,1%-ы пайдаланды (оның 9,4%-ы бұрын ашылған кредит желісі бойынша траншты, 10,7%-ы банктердегі және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы қарыздарды пайдаланды).

Графикте көрсетілгеннен бөлек өзге қаржыландыру көздері арасында кәсіпорындар сатып алушылардан аванстарды, қаржылай көмекті, топ ішіндегі (негізгі компания мен филиалдар арасындағы) қарыздарды және субсидияларды көрсетеді.

Кедергілерді атаған кәсіпорындардың үлесі




2026 жылғы 2-тоқсанда жүргізілген пікіртерімдердің нәтижесі бойынша кәсіпорындардың 37,2%-ы үшін реттеушілік кедергілер - салық ауыртпалығының деңгейі және бәсекелестік деңгейі (33,9% үшін) бизнес жүргізудегі негізгі кедергілер болып табылады (2026 жылғы 1-тоқсанда мұндай кәсіпорындардың үлесі тиісінше 38,3% және 33,7% болды).

Кәсіпорындар үшін сатып алушыларды іздестіру және білікті кадрлардың жетіспеушілігі (28,1% және 27,0%), лицензиялар/рұқсаттар алу қиындығы (21,8%), дебиторлық берешекті қайтарудағы проблемалар (16,9%), инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы (14,9%) және маңыздылығы жағынан 8-орында тұрған қаржыландыруға қол жеткізу (14,6%) сияқты факторлар да маңызды болып саналады.


2026 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының медианалық сату рентабельділігі* артып, 38,1%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібіндегі көрсеткіш 24,5% болды. Жалпы экономика бойынша орташа сату рентабельділігі 24,6%-ға дейін артты.

Жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі 43,6% болды, кәсіпорындардың 9,7%-ы жыл шығынмен аяқталады деп есептейді. Бұл ретте пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың 13,5%-ы жылды теңгерімді бюджетпен (пайдасыз және шығынсыз) жабуды ойлайды, қалған 33,1%-ы кәсіпорынның жыл соңындағы қаржылық жағдайына баға бере алмады.

Сату рентабельділігі*, %-бен




Қаржы жылын пайдамен/шығынмен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындар үлесі, %




* Пайыздарды, салықтарды және амортизацияны төлеу бойынша шығысты шегергенге дейінгі сатудың рентабельділігі көрсетілген
Орташа арифметикалық мәндерге қарағанда медианалық мәндерге экстремалды шығарындылар аз әсер етеді

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ



2026 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындарды көлемі бойынша сенімділік дәрежесі бойынша бөлу, үлесі %-бен




Кәсіпорындардың қаржылық коэффициенттерін бағалауға негізделген дискриминанттық талдау нәтижелері бойынша 2026 жылғы 2-тоқсанда қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі 27,8%-ға дейін төмендеді.

► Егер көлемі жағынан қарайтын болсақ, орта (22,4%) және ірі (15,7%) кәсіпорындарға қарағанда шағын кәсіпорындар арасындағы қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі жоғары (33,8%).

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ


2026 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындарды қызмет түрлері бойынша сенімділік дәрежесі бойынша бөлу*, үлесі %-бен




2026 жылғы 2-тоқсанда барлық салада кәсіпорындардың басым көпшілігінің қаржылық жағдайы орнықты немесе қалыпты болды. Ауыл шаруашылығындағы орнықты кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек (34,1%), ал жылжымайтын мүлікпен операцияларда және саудада басқаларға қарағанда қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі жоғары (тиісінше 36,1% және 33,8%) болды. Сүмен жабдықтау саласы ең тұрақты сала болып табылады, мұнда қаржылық жағдайы қалыпты кәсіпорындардың үлесі басқалардан едәуір жоғары (77,5%).

Кредитке сұраныс

Банктердің кәсіпорындардың кредиттеуге арналған өтінімдерін қарауы



Кредит алуға өтініш берген, бірақ алмаған кәсіпорындар, үлесі %-бен




2026 жылғы 2-тоқсанда кредит алуға өтініш берген кәсіпорындардың үлесі 2026 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда ұлғайды, пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың 21,8%-ы кредит алу үшін банкке жүгінді (2026 жылғы 1-тоқсанда 19,0%), кәсіпорындардың 20,6%-ы (немесе кредит алуға өтініш берген кәсіпорындар санының 94,5%-ы) кредит алды. Кредит беруден бас тарту үлесі пікіртерімге қатысушылардың жалпы санынан 1,2%-ды (кредит алу үшін өтініш бергендер санынан 5,5%-ды) құрады.


Кәсіпорындарды бағалау бойынша борыштық жүктеме*, %-бен

Борыштық жүктеме*	1%-20%	21%-30%	31%-40%	41%-50%	51%-60%	61%-70%	71%-80%	81%-дан жоғары	борыш жоқ
Кәсіпорындар үлесі, %	16,9	12,1	6,7	5,9	4,6	1,9	1,5	2,3	48,2

Орта өлшемді кредит жүктемесі, %



Өткен тоқсанда қарыз тарту мақсаты, %-бен



2026 жылғы 2-тоқсанда пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың 48,2%-ында борыш жоқ. Кәсіпорындардың көбінде (16,9%) борыштық жүктеме* 20% шегінде. Борыштық жүктеменің орташа арифметикалық өлшемді** мәні 16,6%-ды құрайды.


Кәсіпорындардың басым бөлігі (81,7%) айналым қаражатын қаржыландыру үшін (материалдарды, шикізатты, жартылай фабрикаттарды және т.б. сатып алу), 9,3%-ы – негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу үшін (ғимараттарды, құрылыстарды, көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алу және т.б.) кредит тартты. Бизнесті кеңейтуге және қайта қаржыландыруға тиісінше 4,0% және 1,0% қарыз тартты.

*Ай сайынғы төлем/ Өнімді өткізуден түскен кіріс


** Арифметикалық орташа өлшем – бұл кәсіпорындардың үлесі бойынша өлшемді аралықтың орташа мәні.

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫ СЕКТОРҒА ЫҚПАЛЫ


Баға шарттары




Бағаға қатысты емес шарттар



Теңгемен берілетін кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер



Шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер



2026 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындарды кредиттеудің баға (кредит бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағаға қатысты емес (кредиттің ең жоғары мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жай-күйіне қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарына қатысты бағалау сәл жақсарып, әлі де теріс аймақта қалып отыр.


Мониторингке қатысушылар алған кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер теңгемен 18,0%-ды және шетел валютасымен 5,1%-ды құрады (өткен тоқсанда тиісінше 17,7% және 5,3%). Кәсіпорындардың пікірі бойынша, теңгемен берілетін кредиттер бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме 8,6%-ды, ал шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша – 3,6%-ды құрайды.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (СЭҚ)


Өткен тоқсанда СЭҚ жүзеге асыру, кәсіпорындар үлесі %-бен



Есеп айырысуда валютаны пайдалану, кәсіпорындар үлесі %-бен



Қызмет түрі бойынша СЭҚ жүзеге асыру, кәсіпорындар үлесі %-бен




2026 жылғы 2-тоқсанда респонденттердің 24,9%-ы өз қызметін жүзеге асыру үшін өнімдерді импорттады, 6,5%-ы экспорттады, 13,4%-ы өнімдерді экспорттады және импорттады, ал басым көпшілігі (55,2%) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырмады. Экспорттаушы кәсіпорындардың ең көп үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібіне (17,7%), импорттаушылар – саудаға (39,9%) тиесілі. СЭҚ жүзеге асырған кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібінде.


Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда экспорттаушылар АҚШ долларын (экспорттаушылардың 70,9%-ы) жиі пайдаланады, импорттаушылар Ресей рублін (импорттаушылардың 76,0%-ы) көбірек пайдаланады. Есеп айырысуда пайдаланылатын басқа валюта ретінде кәсіпорындар еуроны, британдық фунт стерлингін, швейцариялық франкті, қырғыз сомын және түрік лирасын көрсетті.

ВАЛЮТА БАҒАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТІҢ ЫҚПАЛЫ


Валюта бағамындағы өзгерістер әсерінің динамикасы, ӨД*



Айырбастау бағамының 2026 жылғы 2-тоқсанда экспорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері




Айырбастау бағамының 2026 жылғы 2-тоқсанда импорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері



2026 жылғы 2-тоқсанда АҚШ доллары, рубль, еуро бағамының өзгеруі кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне тигізетін теріс әсері кішігірім ұлғайды. Экспорттаушы және импорттаушы кәсіпорындарға теңге бағамының рубль мен АҚШ долларына қатысты өзгеруі көбірек кері әсер етті. Кәсіпорындардың шаруашылық қызметі CNY/KZT және еуро бағамының өзгеруінен біршама төмен кері әсер алады.

* ӨД 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), ДӨ=50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

КОМПОЗИТТІК ОЗЫҢҚЫ ИНДИКАТОР*



2026 жылғы 2-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындарының пікіртерімдерін біріктіріп бағалауды білдіретін композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) динамикасы нақты сектордағы экономикалық белсенділіктің шамалы бәсеңдеуін көрсетеді. 2-тоқсанда КОИ 99,9 болды.

Өндірістік қуаттарды пайдаланудың аздап төмендеуі және бизнесті жүргізуге кедергі келтіретін салыстырмалы түрде жоғары салық жүктемесі КОИ динамикасына теріс әсер етті, ал несиелік белсенділіктің артуы, кәсіпорындардың пайдалылығының жақсаруы және мерзімі өткен дебиторлық берешектің азаюы оң әсер етті.

2026 жылғы 3-тоқсанда экономикалық белсенділіктің баяулауы күтілуде (КОИ 100,1 құрады деп күтілуде).

* Композиттік озыңқы индикатор (КОИ) іскерлік циклдің күрделі жерлерін анықтау үшін қолданылады және экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты туралы сапалы ақпарат береді. КОИ кәсіпорындардағы ағымдағы және күтілетін жағдайға қатысты пікіртерімге қатысқан кәсіпорындар басшылары пікірінің жалпылама бағалауын көрсетеді және нақты ЖІӨ динамикасын 1-2-тоқсанға бұрын бағалау қабілеті бар. КОИ құру ЭЫДҰ әдіснамасына негізделген («OECD System of Composite Leading Indicators, Methodology Guideline», OECD 2012).

** 2026 жылғы 3-тоқсанға арналған КОИ көрсеткіштері пікіртерімге қатысатын нақты сектор кәсіпорындарының құтулері негізінде есептеледі.

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен қалыс қалған жауаптардың тең жартысының сомасы ретінде есептеледі. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпылама индикатор болып саналады. Егер оның мәні 50 деңгейден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50 деңгейден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
 - «Банктер ұсынатын кредиттер бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме» көрсеткіші – мониторингке қатысушы кәсіпорындар өндірістің ағымдағы рентабельділік деңгейіне сүйене отырып, өздері үшін қолайлы деп көрсеткен пайыздық мөлшерлемелердің орташа мәні ретінде есептеледі.
 - Қаржылық коэффициент көрсеткіштері салалық бөліністе пікіртерімге қатысатын кәсіпорындардың жалпы іріктемесі бойынша есептелген орташа мәндер түрінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда кәсіпорындардан алынатын тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерін бағалау негізінде көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл бағалар мен солардың негізінде есептелген орташа мәндер (есептік көрсеткіш болып табылмайтындықтан) олардың абсолюттік дәлдігін қамтамасыз ету мақсаты көзделмейді. Аталған деректер экономиканың қаржылық емес секторы мен оның жекелеген салаларындағы жағдайдың өзгеру үрдістерін жедел бағалау мен талдау үшін қолданылады.
 - Дискриминанттық талдау кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын ақпараттық мәні жоғары индикаторларды анықтауға және дағдарыс жағдайының жақындап келе жатқанын бағалауға мүмкіндік береді, осылайша, кәсіпорындарды сенімділік дәрежесіне қарай жіктеуге жағдай жасайды. Кәсіпорындарды топтарға (орнықты, қалыпты және күрделі) жіктеу функциялары арқылы жүзеге асырылады. Бұл функциялар 3 қаржылық көрсеткішті қамтиды: бір қызметкерге шаққандағы өнім өткізуден түскен табыстың өсу қарқыны, қаржылық тәуелсіздік коэффициенті және меншікті капиталдың өсу қарқыны. Толығырақ мәлімет мына <https://www.nationalbank.kz/file/download/9013> экономикалық зерттеуде.
 - Композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) нақты ЖІӨ динамикасын 1-2-тоқсан алға бағалау қабілеті бар. КОИ-дің уақыт қатары маусымдық факторлардан тазартылған және тренд компонентін қамтымайды, яғни, тек қысқамерзімді экономикалық конъюнктураның ауытқуларына негізделген циклдік құрамдас бөлікті ғана қамтиды. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (мөлшерсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.
- КОИ жалпы экономиканың нақты секторы бойынша қысқамерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеттері бар: 1) озыңқы сипаты бар; 2) экономиканың нақты секторы дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) кәсіпорындардың жедел пікіртерімі негізінде қалыптасады.